

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

**«Математика әлеміне саяхат»**ЖАРИЯЛАНДЫ  
11.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/73794/>**Ақмола облысы, Целиноград ауданы****МКҚК «Қошақан» балабақшасы*****Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі******«Математика әлеміне саяхат»****Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру**Білім беру саласы: Таным****«Балдырған» ересектер тобы***

**Топ тәрбиешісі:**

*Донбаева Эльмира*

*Базарбаевна*

Қажымұқан ауылы

**«Математика әлеміне саяхат»**

***Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметі***

**Мақсаты:** 1) Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай топтарға біріктіруге, кеңістікте бағдарлау, үстінде-астында, алдында-артында, оң жағында сол жағында ұғымдарға байланысты тапсырмалар орындау. Балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигураларды ажыратуды үйрету;

Биік-аласа, жуан-жіңішке, тар-кең деген ұғымдарды салыстыру, ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру, әр түрлі заттарды салыстыру.

2) Заттарды әртүрлі белгілері, оның ішінде биіктігі, қалыңдағы, ұзындығы бойынша салыстыра білуге баулу, кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Тапсырмалар орындау кезінде балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ой-өрістерін, тіл байлығын дамыту.

3) Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды сабырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекі құралдар:** әр балаға арналған жеке үлестірмелі тапсырмалар, түрлі-түсті қарындаштар,

### **Шаттық шеңбері:**

Күнге қарап қолымды,

1,2,3 деп соғайын.

Қарап тұрған көршіме,

Мен қолымды бұлғайын.

Жылы-жылы жүзбенен,

Маңдайынан сипайын.

Ыстық алақаныммен,

Қолыңды бір қысайын.

Құшақтасып өзіңмен,

Амандасып алайын.

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін біз қызықты математика әлемінде боламыз. Барлық ынтамызды математикалық ұғымдарға аударып, бар білімдерімізді ортаға салайық. Ойнай отырып, ойлануымыз керек. Ендеше, мен сендерге сәттілік тілеймін.

**Сұрақтарға тез жауап бер.** Берілген сұрақтарға шапшаң жауап берулері тиіс.

- Бір аптада неше күн бар?
- Жылдың неше мезгілі бар?
- Қазір жылдың қандай мезгілі?
- Күз мезгіліне тән белгілерді атаңдар.

- Күз мезгілінен кейін қандай мезгіл келеді?
- Қыс мезгілінде ауа райында қандай өзгерістер болады?
- Бір аптада балабақшаға қанша күн келеміз?
- Неше күн балабақшадан демаламыз?

**Тәрбиеші:** — Балалар, бүгін біз оқу қызметімізді бастамас бұрын орнымызға отырайық.

### **Қимылды ойын: «Кім жылдам?»**

**Шарты:** үстел үстінде шашылған түрлі-түсті жұмыртқалардың бірін жылдам алып сол бойынша өз орындарын тез тауып отыру керек.

Әрбір үстелге фетр материалынан жұмыртқалар қойылған, сол бойынша әр бала өзіне қажетті орынды тауып отырады.

**Тәрбиеші:** -Балалар суретке қараңдаршы, бұл сиқырлы математика әлеміндегі зәулім сарай. Сендердің сарайға кіріп көргілерің келе ме? Сарайға кіріп қонақ болу үшін бізге әр түрлі түсті хатқалталарда жасырылған тапсырмаларды орындауымыз керек.

—Балалар, қане тапсырмаларды орындап, сиқырлы сарайдың қақпаларын ашамыз ба? Ендеше, кеттік.

Тапсырмаларды ашпас бұрын біз кеңістікте бағдарлауды есімізге түсіріп алайық. Алжапқыштағы фигураларды жоғарыда, төменде, оң-сол жаққа орналастыру бойынша арнайы командалар беру арқылы сабаққа зейіндерін аударып аламыз.

### **1-тапсырма - Қызыл түсті хатқалта**

Жемістерді қызыл, көкөністерді жасыл, тәттілерді көк қарындашпен сызу, Барлық жасыл түсті заттарды ата.

### **2-тапсырма - Көк түсті хатқалта**

Жасырынбақ ойыны: «Кім қайда орналасқан?»

Тақтамен жұмыс. Интерактивті тақтада көрсетілген заттар тобына қарап, сұрақтарға жауап береді. Алдында-артында, ішінде-сыртында, алыс-жақын, үстінде-астында деген ұғымдарды салыстыруды үйренеді.

**3- тапсырма - Жасыл түсті хатқалта** Жасыл түсті хатқалтада геометриялық пішіндерге байланысты бірнеше тапсырма жасырынған екен.

1) Геометриялық фигураларды білесің бе? Кім қандай фигураны бастырып шықты? Пішіндерді сызықтарды бастыру арқылы салып шығады.

2) Фетр материалынан жасалған пішіндерді орналастыру. Екінші тапсырма берілген тапсырмаларды орындау қиынға соғып жатқан балаларға жеке беріледі.

3) Бірдей фигураларды бір түспен бояу

**Тәрбиеші:** — Балалар, мына зәулім сарайдың тапсырмалары өте көп екен, ия. Қане, барлығымыз орнымыздан тұрып бір сергіп алсақ, «Бала,бала, балапан» әнін қимылдарымен орындап бойымызды жазып алайық.

#### **4-тапсырма - Сары түсті хатқалта**

Қарындаштарды салыстыру. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа-орташа белгілері бойынша салыстыр.

Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзындау,ал жасылы көк қарындаштан ұзын.Ең қысқасы қайсы қарындаш? Қарындаштарды тиісті түске бояңдар

#### **5-тапсырма - ақ түсті хатқалта**

Кесілген қиынды фигураларды өз орнына орналастыру

**Тәрбиеші:** Міне, бізге берілген тапсырмаларды орындап болдық. Сарайдың барлық қақпалары ашылды. Математика еліне саяхатымыз ешқашан аяқталмақ емес. Алдағы уақытта математика әлемінің түрлі қызықты тапсырмалары мен оқиғаларына куә болатын боламыз.

-Балалар, сендерге біздің саяхатымыз ұнады ма? Қандай тапсырма сендерге ерекше ұнады?

-Қай тапсырманы орындау сендерге қиындық тудырды? Ойларымызды ортаға салайықшы, көне.

**Тәрбиеші:** Осымен, «Математика әлеміне саяхат» атты қарапайым математикалық

ұғымдарды қалыптастыру оқу қызметіне арналған ашық оқу қызметіміз аяқталды. Келген қонақтарға көп рахмет! Сау болыңыздар, қонақтар!

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.